КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 9 шілде №1112-24-00-2/1817 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.И.Нұрғалиева, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Усербаева» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосыксыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 144-147, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

«Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі» мемлекеттік мекемесінің «Усербаева» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«Усербаева» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Усербаева» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья **Г.И.Нұрғалиева**

Құжатқа қол қойылған: Нұрғалиева Г. И., 09.07.2024

Заңды күшіне енген күні: 20.08.2024, судья Нұрғалиева Г. И., 26.08.2024